Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Мәдениет және өнер факультеті

Бекітемін
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университетінің қабылдау
комиссиясының төрағасы
_____ Сергалиев Н.Х.
15 ____ 05 ____ 2026 ж.

В028 Хореография
білім беру бағдарламасы тобы бойынша шығармашылық және оқуға қабылдау емтихандарының БАҒДАРЛАМАСЫ

Орал – 2026

Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес.

Режиссура, хореография және мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы отырысында қаралды.
№ ___ хаттама «___» мамыр 2026 ж.
Білім беру бағдарламасының жетекшісі _____ Айткалиева К.Д.

Мәдениет және өнер факультет кеңесінің отырысында бекітілді
№ ___хаттама «___» мамыр 2026 ж.
Факультет кеңесінің төрағасы:_____ Кажимова К.Р.

Кіріспе бөлім

1.Аннотация

2.Түсу сынағының құрылымы
3.Қабылдау сынағының сипаттамасы
4.Бағдарламаның мазмұны мен сұрақтары
4.1 Қысқартылған оқу түріне өтініш берген техникалық және кәсіби білімнен кейін түсетін түлектерді қабылдау үшін емтихан сұрақтары
4.2 Шетел азаматтары үшін сұхбаттасу сұрақтары
5. Оқуға түсу сынағына дайындық үшін әдебиеттер тізбесі

Кіріспе бөлім
1.Аннотация

Шығармашылық емтихандарды өткізу «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламала-рын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуғақабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан РеспубликасыБілім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазан–дағы № 600 бұйрығынасәйкес әзірленген және шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібін анықтайды.

2.Түсу сынағының құрылымы

Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгерудегі тұлғалық алғышарттарының болуын тексеру болып табылады.
Шығармашылық емтихандарды жоғары оқу орындарының пәндік комиссиялары өткізеді.
Шығармашылық мамандықтарға талапкерлерден өтінімдерді қабылдау олардың таңдаған жоғары оқу орнының мекен-жайы бойынша жүзеге асырылады.
Шығармашылық емтихандардың кестесін (пәннің атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.
Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.
Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылықемтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады

3.Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде аудиторияда бөтен тұлғалардың болуына жол берілмейді.
Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген мерзімде келеді. Талапкер шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.
Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде бір орыннан басқа орынға ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, көшіріп алуға, аудиторияға оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобильді байланыс құралдарын кіргізуге және қолдануға тыйым салынады.
Шығармашылық емтихандар тыныш және қолайлы жағдаймен қамтамасыз етіледі, талапкерлерге өз білімі мен білік деңгейін толық көрсете алуына барынша мүмкіндік жасалады.
Шығармашылық емтиханға қайта қатысуға және қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.
Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары еркін нысандағы бағалау ведомосымен және пәндік комиссия хаттамасымен ресімделеді.
Бағалау ведомостері және бағалары мен тексеруші емтихан қабылдаушылардың, пәндік комиссиясы төрағасының қолдары қойылған хаттамалар жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі.
Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткеннен кейін **сол** күні хабарланады.
Талаптарды сақтауды және шығармашылық емтихандарды бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешуді, емтихан өткізу кезеңінде шығармашылық емтихандар тапсырушы

тұлғалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында әрбір жоғары оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады.

4. **Бағдарламаның мазмұны мен сұрақтары**

(би студиясының, би ансамбльдерінің, өнер мектептерінің түлектеріне, орта білімнен кейінгі - күндізгі оқу түрі)

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бойынша бітірген түлектерге өнер бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бойынша бітірген түлектер:

- классикалық бидің, халықтық-сахналық бидің, қазақ биінің, шығыс биінің, дуэтті-классикалық бидің, қазіргі заман хореографиясының педагогы болып қызмет атқара алады.
- кез келген шығармашылық ұжымда бишілік-орындаушылық және шығармашылық ұжымды басқару, менеджер қызметтерін атқара алады.

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бакалавры атқаратын кәсіби қызмет саласы: хореография және театр өнері, мәдениет, білім, спорт.

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бакалавры жасайтын қызмет объектісі: хореографиялық өнер саласындағы педагогикалық қызметтер: хореографиялық шығармашылық орталықтар; театрлар; хореографиялық колледждер, мектептер; шығармашылық орталықтар, мәдениет сарайлары мен үйлері, студиялар, клубтар, мектептер мен балалар мекемелері және т.б.

ЖОО-на түсу үшін талапкер міндетті түрде екі пәннен тест тапсырады:

1. Қазақстан тарихы
2. Оқу сауаттылығы

Екі шығармашылық емтихандар:

1. Орындау шеберлігі
2. Коллоквиум. Балетмейстер өнері бойынша тәжірибелік жұмыс.

Қабылдау талаптары:

Талапкер міндетті:

● талапқа сәйкес табиғи анатомиялық қабілеттері (дұрыс физикалық аппарат, пропорционалды дене бітімі, түзу аяқтары, қазтабандық болмауы, бүкіреймеушілік, сахналық қадам, иілу, сыртқа қарай еркін бұра алу қабілетімен (выворотность) жақсы *plie* (отырып-тұру), биікке секіру;

● талапқа сәйкес психофизикалық қабілеттері (табиғи музыкалылық, ырғақтылық қабілеті, жүйке жүйесінің реактивтік және қозғалмалылығы, би қимылдарын есте сақтауы, шығармашылық ой-қиялы, физикалық шыдамдылық, жүйке шыдамдылығы);

● хореография өнері саласындағы теориялық білімі (мәдениет және өнер саласында еңбек сіңірген тұлғаларды, театрлық және хореографиялық өнер саласының даму тарихын білуі);

● классикалық, халықтық-сахналық, қазақ билерінің басты қимылдарының орындалу әдістерін білуі.

Әр талапкерлердің өзімен бірге дайындық формалары болуы керек:

● қыздар – қара трико, қара би купальнигі, жұмсақ балет туфлиі;

● ұлдар – қара трико, қысқа жеңді футболка, жұмсақ балет туфлиі.

Талапкерлерге кеңес беру күндері классикалық, халықтық-сахналық, қазақ билері бойынша және емтиханда орындалатын билерді шығару үзінділерінен тапсырамалар алатын болады.

Бағалау критерилері:

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бойынша оқуға қабылданатын студенттер екі пәннен шығармашылық емтихандар тапсырады:

1 емтихан - Орындау шеберлігі (би билеу)

а) талапкер өзі қойған биді ұсынады (жеке немесе өзге де талапкерлердің қатысуымен);

б) комиссия ұсынған музыкалық тақырыпқа оның характерін, стилистикасын, халықтық негізін, т.б., бере отырып би этюдін құрып көрсетеді.

Би қою үшін талапкерлер биге арналған реквизиттерін, костюмдерін және ноталық, музыкалық материалдарын өздері алып келеді (музыкалық материалдарды талапкерлер кеңес кезінде комиссияға ұсынатын болады).

Емтихан барысында би билеу қабілеті, орындау техникасы,артистік қабілет, сахналық көркемдік, бағаланатын болады.

2 емтихан - Коллоквиум. Балетмейстер өнері бойынша тәжірибелік жұмыс.

а) классикалық би бойынша теориялық білімі (классикалық бидің позициясы мен қалпы, *arabesques* (I, II, III, IV), *epaulment, port de bras* түрлері (I, II, III, IV, V, VI) және т.б. қимылдарыдың орындау әдісі).

б)халықтық би бойынша теориялық білімі (басты қадамдар, жүрістер,«веревочка» түрлері, «моталочка», «молоточки», «гармошка», «припадания», «ковырялочка», және т.б. қимылдарың орындау әдісі).

в) қазақ биі бойынша теориялық білімі (қолдың негізгі қимылдары: толқын, шынтақ толқын, жалын, қол сілтеу, өрнек, жыланша, қайнар бұлақ, білезік ойнату және т.б., қазақ биінің негізгі қадамдары, атшабыстың түрлерінің орындау әдісі).

Бағалау критерийлері:

Талапкер бағаланады:

«өте жақсы» - кәсіби қабілеттер болған кезде (аяқтың бұрылғыштығы, табан, қадам, икемділік, секіру), бидегі артистік көркемдік мәнерлілік, сахналық хореографиялық бейнені жасау мүмкіндігі өте жақсы. Комиссия берген музыкалық тақырыпта оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, би этюдінің тамаша теориялық білімі мен сауатты практикалық көрсетілімі өте жақсы.

«жақсы» - кәсіби қабілеттер болған кезде (аяқтың бұрылғыштығы, табан, қадам, икемділік, секіру), бидегі артистік көркемдік мәнерлілік, сахналық хореографиялық бейнені жасау мүмкіндігі жақсы. Комиссия берген музыкалық тақырыпта оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, би этюдінің теориялық білімі мен сауатты практикалық көрсетілімі жақсы.

«қанағаттанарлық» - кәсіби қабілеттер болған кезде (аяқтың бұрылғыштығы, табан, қадам, икемділік, секіру), бидегі әлсіз көркемдік мәнерлілік, сахналық хореографиялық бейнені жасау мүмкіндігі орташа. Комиссия берген музыкалық тақырыпта оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, би этюдінің теориялық білімі мен сауатты практикалық көрсетілімі орташа.

«қанағаттанарлықсыз» - кәсіби қабілеттері жоқ, комиссия берген музыкалық тақырыпта оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, би мен би этюдін көрсете алмаған талапкер алады.

Шығармашылық емтиханның әрқайсысы жеке бағаланады. Бір шығармашылық емтиханның ең жоғарғы балы - 50

1 шығармашылық емтихандағы максималды көрсеткіші 50 балл

45-50 балл «өте жақсы»
35-44 балл «жақсы»
5-34 баллов «қанағаттанарлық»
0-4 баллов «қанағаттанарлықсыз»

4.1 Қысқартылған оқу түріне өтініш берген техникалық және кәсіби білімнен кейін түсетін түлектерді қабылдау үшін емтихан сұрақтары
(Орта арнайы білімі бар – ұқсас техникалық және кәсіптік мамандықтарының түлектеріне-күндізгі қысқартылған оқу түрі)

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бойынша бітірген түлектерге өнер бакалавры академиялық дәрежесі беріледі, біліктілік.

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобыбойынша бітірген түлектер:

- классикалық бидің, халықтық-сахналық бидің, қазақ биінің, шығыс биінің, дуэтті-классикалық бидің, қазіргі заман хореографиясының педагогы болып қызмет атқара алады.
- кез келген шығармашылық ұжымда бишілік-орындаушылық және шығармашылық ұжымды басқару, менеджер қызметтерін атқара алады.

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бакалавры атқаратын кәсіби қызмет саласы: хореография және театр өнері, мәдениет, білім, спорт.

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бакалавры жасайтын қызмет объектісі: хореографиялық өнер саласындағы педагогикалық қызметтер: хореографиялық шығармашылық орталықтар; театрлар; хореографиялық колледждер, мектептер; шығармашылық орталықтар, мәдениет сарайлары мен үйлері, студиялар, клубтар, мектептер мен балалар мекемелері және т.б.

<u>ЖОО-на түсу үшін талапкер бір пәннен ҰБТ тапсырады:</u>
Хореография тарихы
<u>Шығармашылық емтихан:</u>
Орындау шеберлігі

<u>Қабылдау талаптары:</u>
Талапкер міндетті:
● талапқа сәйкес табиғи анатомиялық қабілеттері (дұрыс физикалық аппарат, пропорционалды дене бітімі, түзу аяқтары, қазтабандық болмауы, бүкіреймеушілік, сахналық қадам, иілу, сыртқа қарай еркін бұра алу қабілетімен (выворотность) жақсы *plie* (отырып-тұру), биікке секіру;
● талапқа сәйкес психофизикалық қабілеттері (табиғи музыкалылық, ырғақтылық қабілеті, жүйке жүйесінің реактивтік және қозғалмалылығы, би қимылдарын есте сақтауы, шығармашылық ой-қиялы, физикалық шыдамдылық, жүйке шыдамдылығы);
● хореография өнері саласындағы теориялық білімі (мәдениет және өнер саласында еңбек сіңірген тұлғаларды, театрлық және хореографиялық өнер саласының даму тарихын білуі);
● классикалық, халықтық-сахналық, қазақ билерінің басты қимылдарының орындалу әдістерін білуі.

Әр талапкерлердің өзімен бірге дайындық формалары болуы керек:
● қыздар – қара трико, қара би купальнигі, жұмсақ балет туфлиі;
● ұлдар – қара трико, қысқа жеңді футболка, жұмсақ балет туфлиі.
Талапкерлерге кеңес беру күндері классикалық, халықтық-сахналық, қазақ билері бойынша және емтиханда орындалатын билерді шығару үзінділерінен тапсырамалар алатын болады.

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бойынша оқуға қабылданатын студенттер бір пәннен шығармашылық емтихан тапсырады:

Орындау шеберлігі (би билеу)

а) талапкер өзі қойған биді ұсынады (жеке немесе өзге де талапкерлердің қатысуымен);

б) комиссия ұсынған музыкалық тақырыпқа оның характерін, стилистикасын, халықтық негізін, т.б., бере отырып би этюдін құрып көрсетеді.

Би қою үшін талапкерлер биге арналған реквизиттерін, костюмдерін және ноталық, музыкалық материалдарын өздері алып келеді (музыкалық материалдарды талапкерлер кеңес кезінде комиссияға ұсынатын болады).

Емтихан барысында би билеу қабілеті, орындау техникасы, артистік қабілет, сахналық көркемдік, бағаланатын болады.

Бағалау критерийлері:

Талапкер бағаланады:

«өте жақсы» - кәсіби қабілеттер болған кезде (аяқтың бұрылғыштығы, табан, қадам, икемділік, секіру), бидегі артистік көркемдік мәнерлілік, сахналық хореографиялық бейнені жасау мүмкіндігі өте жақсы. Комиссия берген музыкалық тақырыпта оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, би этюдінің тамаша теориялық білімі мен сауатты практикалық көрсетілімі өте жақсы.

«жақсы» - кәсіби қабілеттер болған кезде (аяқтың бұрылғыштығы, табан, қадам, икемділік, секіру), бидегі артистік көркемдік мәнерлілік, сахналық хореографиялық бейнені жасау мүмкіндігі жақсы. Комиссия берген музыкалық тақырыпта оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, би этюдінің теориялық білімі мен сауатты практикалық көрсетілімі жақсы.

«қанағаттанарлық» - кәсіби қабілеттер болған кезде (аяқтың бұрылғыштығы, табан, қадам, икемділік, секіру), бидегі әлсіз көркемдік мәнерлілік, сахналық хореографиялық бейнені жасау мүмкіндігі орташа. Комиссия берген музыкалық тақырыпта оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, би этюдінің теориялық білімі мен сауатты практикалық көрсетілімі орташа.

«қанағаттанарлықсыз» - кәсіби қабілеттері жоқ, комиссия берген музыкалық тақырыпта оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, би мен би этюдін көрсете алмаған талапкер алады.

Шығармашылық емтиханның ең жоғарғы баллы – 20.
15-20 балл «өте жақсы»
10-14 балл «жақсы»
5-9 баллов «қанағаттанарлық»
0-4 баллов «қанағаттанарлықсы

(Орта арнайы білімі бар –ұқсас техникалық және кәсіптік мамандықтарының түлектеріне - қысқартылған ақылы оқу түрі)

Хореографиялық пәндерді оқытудың теориясы мен әдістемесі пәні бойынша сұрақтар:

- ***Классикалық биді оқытудың теориясы мен әдістемесі:***

Станок жанындағы жаттығулар:

1 *plie',*
2 *battement tendus,*
3 *battement tendusjete's,*

4 *rond de jambe par terre,*
5 *battements fondues,*
6 *battements soutenus,*
7 *battements frappe's,*
8 *battements double frappe's,*
9 *petits battements,*
10 *battements de'veloppes,*
11 *grand battements jete's*

Зал ортасындағыжаттығулар:

1 *temps lie,*
2 *port de bras формалары,*
3 *battement tendu,*
4 *battement tendujete'*
5 *pas de bourre' en dehors, en dedans*
6 үлкен позалар – *attitudes, arabesques,*
7 *pas suivi***,**
8 *battement fondu* 45^0*,*
9 *battement frappe,*
10 *petit battement,*
11 *grand battement jete,*
12 *тур en dehos, en dedans*

Секірулер (*allegro*):

1 *temps leve sauté,*
2 *sissonne simple*,
3 *chandement de piads,*
4 *pas jete,*
5 *pas echappe,*
6 *sissonneferme,*
7 *pas de chat,*
8 *pas balance,*
9 *paschse*т.б.

- ***Халықтық-сахналық биді оқытудың теориясы мен әдістемесі:***

Станок жанындағы жаттығулар:

1 кішкене және үлкен отыру (*plie'*);
2 табан бұлшық етіне арналған жыттығу (*battement tendus*);
3 аяқты кішкене сілтеу (*battement tendusjete's*);
4 өкшеге арналған қимыл;
5 еденде аяқтың ұшымен шеңбер сызу қимылы (*rond de jambe par terre*);
6 «веревочка» қимылына дайындық;
7 «змейка» *(pas tortille);*
8 аяқты тез және жұмсақ 90^0 көтеру (*battements de'veloppes*);
9 90^0 аяқты биікке лақтыру (*grand battements jete's*);
10 топырлау (дроби);

Зал ортасында қимылдар:

1 «приподание»;
2 «гармошка»;
3 «веревочка»;
4 «ковырялочка»;
5 «моталочка»;
6 «молоточки»;

7 топырлау (1-2-3 –ключи) т.б.
8 «хлопушки»;
9 трюктар («щучка», «кольцо», «бочонок», «присядка-разножка», «голубцы»);
10 айналу.

- ***Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі***

Биші Ш.Жиенқұлованың шығармашылығы
Балетмейстер Д.Әбіров шығармашылығы
Балетмейстер Б.Аюханов шығармашылығы
Балетмейстерлер З.Райбаев пен М.Тілеубаев шығармашылықтары
Ерекше қол қалыптары:
1 *Сыйлық;*
2 *Үлкен сыйлық;*
3 *Қызғалдақ;*
4 *Ұялу;*
5 *Тұмарша;*
6 *Қошқар мүйіз;*
7 *Білезік;*
8 *Домбыра;*
9 *Өрнек;*
10 *Қос өркеш;*
11 *Кереге көз;*
12 *Сәнді қол;*
13 *Бота мойын;*
14 *Қос қол;*
15 *Үкі;*
16 *Сақина.*

Қол қимылдары
1 *Қол қимылы - айналма;*
2 *Толқын;*
3 *Жалын;*
4 *Қол сілтеу, білезік ойнату;*
5 *Орама, орама толқын, орама-өрнек;*
6 *Сұлу;*
7 *Бидай;*
8 *Қайнар бұлақ;*
9 *Бұраң бел;*
10 *Толқыма-шалқыма.*

Аяқ қимылдары мен жүрістер.
1 *Ырғақты қадам;*
2 *Ауыспалы жүріс, өкшелі ауыспалы жүріс;*
3 *Теңселу;*
4 *Құс таңдай;*
5 *Жамбастап жүріс;*
6 *Түлкі жүріс;*
7 *Жорға;*
8 *Сүйретпе;*
9 *Өрме;*
10 *Малдас;*
11 *Ат шабыс түрлері* және т.б.

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бойынша бітірген түлектерге өнер бакалавры академиялық дәрежесі беріледі, біліктілік: хореография педагогы.

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бойынша бітірген түлектер:

- классикалық бидің, халықтық-сахналық бидің, қазақ биінің, шығыс биінің, дуэтті-классикалық бидің, қазіргі заман хореографиясының педагогы болып қызмет атқара алады.
- кез келген шығармашылық ұжымда бишілік-орындаушылық және шығармашылық ұжымды басқару, менеджер қызметтерін атқара алады.

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бакалавры атқаратын кәсіби қызмет саласы: хореография және театр өнері, мәдениет, білім, спорт.

В028 Хореография білім беру бағдарламасы тобы бакалавры жасайтын қызмет объектісі: хореографиялық өнер саласындағы педагогикалық қызметтер: хореографиялық шығармашылық орталықтар; театрлар; хореографиялық колледждер, мектептер; шығармашылық орталықтар, мәдениет сарайлары мен үйлері, студиялар, клубтар, мектептер мен балалар мекемелері және т.б.

4.2 Шетел азаматтарымен мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар үшін сұхбаттасу сұрақтары

Сұхбаттасу барысында абитуриенттің қазақстандық, орыс, шетелдік хореография өнерінің тарихы туралы білімі тексеріледі.

Сұхбаттасу сұрақтары:

1. Шара Жиенқұлованың шығармашылығы
2. Дәурен Әбіров шығармашылығы
3. Ольга Всеволодская-Голушкевичтің шығармашылығы
4. Зауырбек Райбаевтың би қойылымдары
5. Болат Аюханов қойған ұлттық балет
6. Минтай Тлеубаевтың классикалық балеттері
7. Тұңғыш қазақ балеті
8. «Қамбар мен Назым» балеті
9. «Көктем» балеті
10. «Достық жолымен» балеті
11. «Қозы Көрпеш Баян сұлу» балеті
12. Балетмейстер М.Тілеубаевтың алғашқы ірі балеттері
13. «Фрески» балеті
14. «Қарагөз» балеті
15. 40-60 жылдардағы хореографиялық өнердің айқын орындаушылары
16. 70-80 жылдардағы балет өнеріндегі орындаушылар
17. «Гүлдер» би ансамблі
18. «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі
19. «Алтынай» мемлекеттік би ансамблі
20. Қазақстандағы «Модерн» би жанры
21. С. Көшербаева шығармашылығы
22. Бірінші Ш.Жиенқұлова атындағы қазақ би байқаулары
23. Үнді биінің мектебі
24. «Оркесография» кітабы
25. Ортағасырлық би
26. Ж.Б.Мольердің өмірі мен шығармашылығы
27. XV ғасырдағы бірінші орыс балеті
28. Ресейдегі бірінші балет
29. Новатор-балетмейстерлер шығармашылығы
30. Бишілер М.Салле, М.Камарго шығармашылығы
31. «Письма о балете» кітабының авторы
32. Бірінші орыстың ұлттық балеті

33. Бірінші орыс Прима-балеринасы
34. Орыс балет мектебінің негізі
35. Сюжеттік балеттің негізін салушы
36. Мәскеу балет Академиясы (хореографиялық училищесі)
37. Бірінші жазылған би туралы кітап
38. «Сильфида» балеті
39. «Стенохореография» би жазуының жүйесі
40. «Дон Кихот», «Баядерка», «Спящая красавица», «Раймонда» балеттері
41. Ж.Перроның фантастикалық балеті
42. «Ла Скала» театры
43. Хореографиялық жанр
44. Хореографиялық әрекеттің негізі
45. «Балерина» термині
46. 1661 жылы Францияда би академиясын кім басқарды?
47. Франц Хильфердинг
48. Үлкен театр
49. Романтикалық балет
50. Романтизм дәуіріндегі белгілі биші
51. АҚШ-тың «Модерн» би мектебінің өкілі
52. Балетмейстер Ж.Доберваль
53. Француз би Академиясы
54. Модерн бағыты
55. Ағылшын сахнасында бірінші әнсіз және тілсіз сюжетті-әрекетті балеті
56. Ж.Новерр балет өнерінің эстетикасын қандай кітабында көрсетті?
57. Ш.Перроның ертегісіне қойылған балет
58. Комедия-балет жанрының негізін салушы
59. Орыс крепостной балетінің белгілі бишісі
60. Алғашқы кәсіби биші «балерина»

Әңгімелесу төменде көрсетілген кестедегі критериялар бойынша бағаланады:

Балл жүйесінде қойылған қорытынды баға (ҚБ)	Баллдың сандық баламасы (С)	Баллдың әріптік баламасы (Ә)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау (Д)
95-100	4,0	A	Өте жақсы
90-94	3,67	A-	
85-89	3,33	B+	Жақсы
80-84	3,0	B	
75-79	2,67	B-	
70-74	2,33	C+	
65-69	2,0	C	Қанағаттанарлық
60-64	1,67	C-	
55-59	1,33	D+	
50-54	1,0	D	
25-49	0,5	FX	Қанағаттанарлықсыз
0-24	0	F	

5.Оқуға түсу сынағына дайындық үшін әдебиеттер тізбесі

1. Абиров Д., Исмаилов А. Казахские народные танцы. -Алма-Ата: Казгослитиздат, 1961.
2. Абиров Д.Т. Истоки и основы элементов казахской народной хореографии. Алматы, 1992.
3. Абиров Д. Т. История казахского танца. -Алматы:Санат, 1997.
4. Айткалиева К.Д. Танцы народов Средней Азии. Учебно-методическое пособие. Уральск, 2002.
5. Айткалиева К.Д.Теория и методика преподавания народно-сценического танца. Учебное пособие для студентов специальности: 5В040900 Хореография. Уральск, РИЦ ЗКГУ им.М.Утемисова. 2017.
6. Андосов К.Н., Шубладзе О.Б. Классический танец. – Алматы, 1998
7. Ансамбль песни танца Казахской ССР. /Творческий путь государственного ансамбля песни и танца Казахской ССР/. М., 1958.
8. Ансамбль народного танца под руководством Игоря Моисеева. – М., Прогресс, 1966.
9. Аркина Н.С. Советские балетмейстеры: новые имена. М., «Знание», 1979.
10. Аюханов Б.Г. Мой балет. А., Онер, 1990.
11. Базарова Н., Мей В. Азбука классического танца. – Л., 1983.
12. Багданов А.Г. Урок русского танца. М.,1995.
13. Балет. Энциклопедия. М., 1981.
14. Ваганова А.Я. Основы классического танца. М., 1958.
15. Василенко К. Украинский народный танец. М.,1981.
16. Всеволодская-Голушкевич О. Пять казахских танцев. Алма-Ата, «Өнер», 1988.
17. Всеволодская-Голушкевич О. Школа казахского танца. Алматы, «Өнер», 1994.
18. Всеволодская-Голушкевич О. Бақсы ойыны. –Алматы: Рауан, 1996.
19. Все о балете. Составитель Е.Я.Суриц. М.,Л.: Музыка. 1966.
20. Гасанов К.Н. Азербайджанский народный танец. М., «Искусство», 1978.
21. Гаскаров Ф.А. Башкирский танец. Уфа, 1958.
22. Гварамадзе Л.Грузинский народный танец. Тбилиси, 1962.
23. Головкина С.Н. Уроки классического танца в старших классах. М.,1989.
24. Голейзовский К. Образцы русской народной хореографии. М.,1964.
25. Гусев Г.П. Методика преподавания народного танца. М., 2002.
26. Джавришвили Д. Грузинские танцы. Тбилиси, 1958.
27. Жиенкулова Ш. Тайна танца. Алма-Ата, «Өнер», 1980.
28. Жиенқұлова Ш. Сымбат. Алматы, «Өнер», 1987.
29. Жиенқұлова Ш. Өмірім менің өнерім. Алматы, «Жазушы», 1992.
30. Жумасеитова Г. Страницы казахского балета. –Астана:Елорда, 2001.
31. Захаров Р. Беседа о танце. М.,1976.
32. Захаров Р. Записки балетмейстера. М., «Искусство», 1976.
33. Звездочкин В.А. Классический танец. – Ростов-на-Дону, 2003.
34. Иноземцева Г.В. Народный танец. М.,1971.
35. Каримова Р. Ферганский танец. Т., Издательство литературы и искусства им. Г.Гуляма, 1973.
36. Каримова Р. Бухарский танец. Т., Издательство литературы и искусство им. Г.Гуляма, 1977.
37. Каримова Р. Хорезмский танец. Т., Издательство литературы и искусства им. Г.Гуляма, 1975.
38. Климов А.А. Основы русского танца. М.,1994.
39. Костровицкая В.С., Писарев А.А. Школа классического танца. Л., Искусство, 1968г.

40. Кульбекова А.К. Методика преподавания народно-сценического танца. Уральск, 2006.
41. Кульбекова А.К. Казахский танец. Учебно-методическое пособие. Уральск – 2002.
42. Курбет В. Молдавские народные танцы. Кишинев, 1969.
43. «Қазақстан хореографиясының тарихы». Оқулық. Авторлары: Т.Қышқашбаев, Ә.Шаңқыбаева, Г.Жұмасейітова, Л.Мамбетова, Ф.Мусина. Алматы, «Издат Маркет», 2005.
44. Лингис Ю. Литовские народные танцы. Вильнюс, 1955.
45. Мессерер А.М. Уроки классического танца. –М., 1971.
46. Надеждина Н.С. Русские танцы. М.,1961.
47. Орумбаева Г., Калелова А. Казахский танец. Методика его преподавания. Алматы, Республиканский издательский кабинет, 1995.
48. Ошурко Л. Народные танцы Молдавии. Кишинев, 1957.
49. Саитова Г., Шубладзе О.Б. Восточные танцы. Алматы, 2007.
50. Сарынова Л. Балетное искусство Казахстана. А-Ата: Гылым, 1976.
51. Составитель Резникова З.П. Танцы народов мира. М.,1959.
52. Ткаченко Т. Народный танец. М.,1975.
53. Ткаченко Т. Народный танец. М.,1967.
54. Устинова Т. Русские танцы. М., «Молодая гвардия», 1955.
55. Устинова Т. Лексика русского танца. М., «Балет», 2006.
56. Уразгильдеев Р. Киргизский балет. Фрунзе, Кыргызстан, 1986.
57. Хворост И. Белорусский народный танец. М.,1975.
58. Хэрольд Р. Костюм народов мира. Москва, «Эксмо-Пресс», 2002.
59. Чурко Ю. Белорусский народный танец. М.,1983.
60. Шевлюга С., Горяинова О. Самоучитель испанских и цыганских танцев. Фламенко. Ростов-на-Дону, «Феникс», 2005.
61. Шара. (Құраст. К.Диярова). Алматы, «Өнер», 2005.
62. Шаханов Т. Казахская национальная одежда. Алма-Ата, «Жалын» 1976.
63. Ізім Т.О. Уақыт және би өнері.- Алматы, 2008.
64. Ізім Т. Мемлекеттік «Алтынай» би ансамбілі. Алматы, 2010.
65. Ізім Т.О «Өркені өскен би өнері» - Астана:Фолиант, 2009.
66. Эльяш Н. Балет народов СССР. М., «Знание», 1977.
67. 100 балетных либретто. М.,Л: Музыка, 1966. Изд. 2. Л..1971.

Құрастырған:
режиссура, хореография және мәдени-тыныңу
жұмысы білім беру бағдарламасының жетекшісі **Айтқалиева Қ.Д.**